

БОЛАШАҚҚА АЙҚЫН БАҒДАРМЕН

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Барлық жаңғырту үрдісіндегі табыстың негізгі факторларының бірі – ұлттық білім беру жүйесін жаңарту болып табылады», – деп атап көрсеткендей, жыл сайын білім беру үдерісі жаңару үстінде. Біз бүгін әлемдік кеңістікке кіріккен шынайы ашық қоғам жағдайында өмір сүрудеміз. Қазіргі кезде білім беру саласына деген жаңа көзқарасты, сонымен қатар біздің өміріміздің осындай аса маңызды саласындағы басты тұлға – мұғалімге деген жаңаша қарым-қатынасты талап ететін білім берудің түбегейлі жаңа сұраныс құрылымы қалыптасты.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы заманауи білім беруге қойылатын міндеттерді іске асыруда біз сандық көрсеткіштерден білім берудің барлық деңгейіндегі сапалық дамуға бет бұрдық.



Облыстың білім беру саласында 164 балабақша, 139 мектепке дейінгі шағын орталық, 192 орта мектеп, 25 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы, 40 қосымша білім беру ұйымы жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі жыл санап өсіп келеді. 3-6 жас аралығындағы балаларды қамту 85,1%-ға жетті.

Ата-аналардың балаларына ерте жастан білім беруге деген құлшынысынан туындап отырған сұраныс мектепке дейінгі ұйымдар желісін жаңа құрылыстар, өзге мақсаттағы ғимараттарды жаңарту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту жолымен шешімін табуда.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жолымен мектепке дейінгі ұйымдар желісін өсіру тиімді жолға қойылды.

Бүгінгі күні облыста 30 жекеменшік балабақша мен 7 жекеменшік шағын орталық жұмыс жасайды.

2016 жылы 1 575 орындық 8 балабақша пайдалануға берілсе, қазіргі уақытта облыс бойынша 13 балабақшаның құрылысы жүруде, 8 балабақшаның құрылысына жобалық-сметалық құжаттар дайындалып, 2018-2020 жылдарға 29 балабақша құрылысын салу жоспарланып отыр.

Облыс бойынша 192 мектептің 13-і бастауыш, 10-негізгі, 169-ы – орта мектептер, олардағы оқушы саны – 109392.

2016 жылы заманауи талаптарға сай 2 мектеп құрылысы аяқталып, Мақат ауданындағы Сарғұнанов атындағы орта мектеп пен облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназия оқушыларды жаңа ғимаратта қабылдады. Бүгінгі күні орын тапшылығын, апатты жағдайдағы мектептерді жою мақсатында 13 мектептің құрылысы жүріп жатыр.

2016 жылы білім саласын қаржыландыру көлемі 39,96 млрд теңгені құрады. Мектеп оқулықтарын сатып алуға 1,2 млрд. теңге бөлініп, оқушылар оқулықпен толық қамтылды.

2016-2017 оқу жылынан бастап бастауыш сынып оқушыларын толық ыстық тамақпен қамту жүзеге асуда. Ол үшін 2017 жылы жергілікті бюджеттен 2,1 млрд. теңге бөлінді.

Облыс мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында химия кабинеттері, жаңадан компьютерлер алынып, мектеп парталары, тақталар жаңартылды. Бұл мақсатқа 1,3 млрд. теңге жұмсалды.

2017 жылға тағы 1,3 млрд теңге қаржы бөлініп, жаңа модификациялық кабинеттер, интерактивті тақталар, информатика кабинетін алу жоспарланып отыр.

Алыс аудандарда білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, қашықтықтан оқытуды іске асыру мақсатында шағын жинақталған 21 мектептің материалдық базасын нығайту көзделіп, республикалық бюджеттен 14млн. 880 мың теңгеге интерактивті құрылғылар алынды.

Облысымыздың 134 мектебінде ата-аналар қоғамдастығы мен мектеп педагогтары, оқушылар арасындағы қарам-қатынасты нығайту мақсатында «Күнделік» пилоттық жобасы енгізілсе, 178 мектеп «Bilimland.kz» инновациялық білім берудің онлайн ресурсына қосылды.

Мұның өзі бұл мектептердің мұғалімдеріне мектеп бағдарламасы бойынша жасалған 10 000-ға жуық интерактивті сабаққа жол ашады, мұғалімдерге арналған мыңдаған көрнекі құрал ұсынады, жаратылыстану пәндері бойынша әлемдегі ең үздік виртуалды зертхананы пайдалануға мүмкіндік береді.

Атырау қаласының 10 мектебіне пилоттық жоба ретінде енгізілген «Робототехника» курсы оқушыларды ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін толық меңгертуге баулуға және ақпараттық жүйелер саласындағы мамандықтарға кәсіби бағдар беруге мүмкіндік туғызуда.

Аталған курс жаңа оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында жүргізіледі.

Бүгінгі таңда облыс білім беру ұйымдарында 11639 педагог қызмет етеді. Оның ішінде жоғары білімді – 10022, қалған 1597-і арнаулы орта білімді мамандар. Жоғары санатты педагогтар – 1779, бірінші санатты – 3408, сапалық құрам – 45 пайыз. Қазіргі кезеңде «Назарбаев Зияткерлік мектебі»-Педагогикалық шеберлік орталығында даярланған жаңа форматты деңгейлік курс бағдарламасы бойынша 2091 мұғалім, 120 мектеп басшысы білімдерін жетілдіріп, мектептегі оқу үдерісінде тың жаңалықтар енгізуде.

2016-2017 оқу жылы 14320 бірінші сынып оқушысы жаңа мемлекеттік стандарт бойынша білім алуға көшті. Жаңа бағдарлама бойынша 2034 педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті. Бүгінгі күні Педагогикалық шеберлік орталығынан 503, «Өрлеу» БАҰО» АҚ жанынан 1741 педагогты жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілігін арттыру жоспарланған.

Үш тілді оқыту жүйесіне жоспарлы дайындық жұмыстары жүргізілуде.





Жаратылыстану – математикалық пәндерден сабақ беретін 53 педагог «Катев» қорының ұйымдастыруымен өткен ағылшын тілін үйрену курсынан, физика, химия, биология, информатика пәндерінің 48 мұғалімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысына сәйкес пәнді ағылшын тілінде оқыту курсынан, 2016 жылдың желтоқсанында 3 мұғалім Гонконгта, Оңтүстік Кореяда тағылымдамадан өтті.

2017 жылы физика, химия, биология, информатика пәндерінің 214 мұғалімін ағылшын тілінен курстан өткізу жоспарланып отыр.

121 ағылшын тілінің мұғалімдері «Caspian Training Group» ЖШС-нің көмегімен тест өткізу арқылы біліктілік деңгейі анықталып, арнайы курстардан өткізілуде.

Облыстағы 40 қосымша білім беру ұйымы қоғамның сұранысына сай жұмыс жүргізуде.

2016 жылы әлеуметтік осал топ санатындағы жетім, қорғаншылық пен қамқоршылықтағы, аз қамтылған, көпбалалы, ата-аналары мүгедек 16072 бала жазғы демалыспен 95,7% қамтылды. Жазғы демалысты ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен 239 млн теңге қарастырылды.

3738 оқушыны қамтитын 4 лагерь мен 8020 оқушыны қамтитын 124 мектеп жанындағы, 980 бала қамтитын 17 шипажай үлгісіндегі, оқушыларының бос уақытын тиімді қамту мақсатында мектептер жанынан 287 бейіндік, 129 тілдік, 75 дебаттық лагерь-

лер ұйымдастырылды, оларда ағылшын тілі үйірмелері тұрақты жұмыс жасады. Сонымен қатар 27 шатырлық лагерь, 7 киіз үйлі лагерьлер ұйымдастырылып, «Атамекен» өлкетану-туристік бағдарламасы жүзеге асырылды. Облыстық білім беру басқармасына қарасты Ресейдің Железноводск қаласындағы «Геолог Казахстана» лагерінде жыл сайын 1250 бала тынығады.

Облыста 650 жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала болса, оларды отбасына орналастыру көрсеткіші республика көлемінде 3 орынды иеленіп көңілге қуаныш ұялатады. 2016 жылы балалар үйінің 96 түлегіне тұрғын үй берілді.

Елбасы Н. Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауда «...мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс» – деген болатын. Осыған орай облысымызда мүгедек балаларды болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жәйлі сезіну үшін қолайлы атмосфера қалыптастырылған. Облыста 5945 мүмкіндігі шектеулі бала болса, оның 2952-і мүгедек балалар. 115 жалпы білім беретін мектептің жанында инклюзивті білім беру ұйымдастырылған. Тіл мүмкіндігі бар

және есту, көру қабілеті зақымданған балалар 100% арнаулы біліммен қамтылған.

Облысымыздың бұрынғы бастауыш және орта кәсіптік білім беру базасында бүгінгі күні 25 колледжден тұратын техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі жұмыс жасайды, оның 18-і мемлекеттік, 7-уі жекеменшік. Колледждердегі білім алушылар саны – 17402.

Кадрларды даярлау 74 мамандық, 145 біліктілік бойынша жүргізілуде. Мемлекеттік тапсырыс бойынша 7486, оның ішінде жұмысшы мамандықтары бойынша 3913, орта буын мамандықтары бойынша 3573 студент білім алуда.

Облыс бойынша 15 кәсіптік оқу орнында 23 мамандық бойынша дуалдық оқыту жүйесі енгізілді. 84 кәсіпорынмен 99 келісімшарт жасалып, шәкірттердің өндіріспен тығыз байланыста болуына мүмкіндік жасалды. Олардың ішінде «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының филиалы – Атырау облыстық телекоммуникациялар дирекциясы, ЖШС «АНПЗ», ЖШС «Эмба-мунайэнерго», «Жигермунайсервис», ЖШС «Первомайский», «Атырау Жарык» АҚ, ЖШС «Батыс Альянс Строй», «Фармация» АҚ, «Медицина» АҚ, ЖШС «Атырау нефтемаш» т.с.с кәсіпорындарды атауға болады.

Биылғы оқу жылында тағы 3 колледжде дуалды оқыту жүйесі енгізілді. Олардың қызметімен қосымша 130 студент қамтылды.

Студенттердің практикадан өтуін ұйымдастыру жөнінде кәсіпорындармен 450 келісімге қол қойылды.

Соның нәтижесінде 4553 студент нақты жұмыс орындарында практикадан өтуге мүмкіндік алды. Олардың 320-ы сол жұмыс орындарында жұмысқа орналасты.

110 студент кәсіпорындар тапсырысы бойынша білім алуда.

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін студенттерге жалпы сомасы 2 млн 158 мың болатын стипендия төленеді.

Жұмыс берушілермен бірлесе отырып 2 мамандық бойынша кәсіптік стандарттың жобасы әзірленді.

Техникалық және кәсіптік білім саласындағы көшбасшы елдермен қарым-қатынастар орнатылып, тәжірибе алмасу жұмыстары жолға қойылған. (Норвегия, Германия, Ұлыбритания, Корея және басқалар) Сингапурлық «Наньян политехник» колледжінің тәжірибесі политехникалық, көлік және коммуникация колледждерінде, нәтижеге бағытталған жоспарлау бағдарламасы Атырау индустриалдық колледжінде енгізілген.

Облысымыздағы техникалық және кәсіптік білім жүйесін модернизациялау барысында: дуалды оқыту жүйесін дамыту, бизнес пен жұмыс берушілердің белсенділігін арттыру, оқыту мен өндіріс арасында әлеуметтік серіктестікті дамыту, үштілді кадрларды дайындау, E-learning, электронды

оқыту жүйесін енгізу, 12-жылдық білім жүйесіне көшу бағытында ТЖКБ мазмұнына өзгертулер енгізу, кредиттік, модульдік технологияларды белсенді енгізу мәселелері оң шешімін табуда.

Колледждер «Мұнай-газ саласының кадрларын даярлайтын, қайта даярлайтын өңіраралық орталық» сұранысына орай қажетті кадрларды даярлауда. «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мұнай саласының екі мамандығы

бойынша оқу бағдарламасын әзірлеп енгізді.

9 оқу орнында білім сапасын басқарудың – ИСО 9001-2008 халықаралық сапа менеджменті енгізілген.

3 оқу орны білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігінің аккредитациялауынан сәтті өтіп «Институционалдық аккредитациялау туралы куәлігіне» ие болды (Атырау политехникалық, Атырау аграрлы-техникалық, Атырау медицина колледждері).

Облысымызда мұнай-газ саласының кәсіптік-техникалық білімі бар кадрларын даярлайтын өңірлік «АРЕС Petrotechnic» Жоғары техникалық мектебі жұмыс жасайды. Аталған оқу орнымен тығыз қарым-қатынас орнатылып, олардың іс-тәжірибесін пайдалану жолға қойылды.

«Жалпыға бірдей тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жаңа жобасына дайындық жұмыстары басталып кетті. Жоба аясында облыстағы 15 колледжде жұмысшы мамандықтар бойынша тегін кәсіптік техникалық оқытуды енгізу жоспарланып отыр.

Республикалық бюджеттен 250, жергілікті бюджеттен 3997 студентке тегін кәсіптік білім беру үшін қаржы бөлінді. Осыған байланысты кәсіптік

техникалық оқу орындарының материалдық техникалық базасын жаңарту мәселесі қарастырылуда.

Облыстың техникалық кәсіптік оқу орындарында «Кәсіпқор» холдингі әзірлеген 45 білім беру бағдарламасы тәжірибеге енгізіле бастады. «Кәсіпқор» холдингінің ұйымдастыруымен 150 оқытушы біліктілік арттыру курсынан өтті. Алдағы уақытта да біздің алдымызда маңызды міндеттер тұр:

Бірінші. Техникалық және кәсіптік білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасының шеңберінде жұмыссыз қалған жастар ағылшын тілі, кәсіпкерлік негіздері бойынша тегін даярлық курстарымен қамтылады.

Екінші. Білім беру мазмұнын жаңарту. «Кәсіпқор» Холдингі әзірлеген 45 білім беру бағдарламасы, «Кәсіпкерлік негіздері» курсы барлық колледждерде енгізіледі.

Үшінші. «АРЕС Petrotechnic» колледжінде оң нәтижесін көрсеткен тәжірибе негізінде «Информатика» пәнін ағылшын тілінде жүргізу қолға алынады.

Кәсіптік техникалық білім ел экономикасының бүгінгі және келешек қажеттіліктеріне жауап беріп қана қоймай, азаматтардың жаһандық еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді және жұмыссыздыққа қарсы аса маңызды шара болып табылады. Сондықтан техникалық кәсіптік білім жүйесін жаңарту бағытындағы жұмыстар өз жалғасын таба бермек.

**Әлібек НӘУТИЕВ,
Атырау облысы
әкімінің орынбасары**



АННОТАЦИЯ

В статье заместитель акима Атырауской области Алибек Наутиев рассказывает о состоянии образовательной сферы региона, делится достижениями в реализации задач, поставленных Главой государства. В нефтяном секторе региона активно осваивается дуальное обучение с привлечением выпускников профессионально-технических учебных заведений.